

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
қызметінің жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау нәтижелері туралы
талдамалық анықтама**

Алматы қ.

2026 жылғы «30» қаңтар

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағын басшылыққа ала отырып, Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына¹ және Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға², «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарына³ сәйкес, Қордың комплаенс-бақылаушысы өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүктелген уәкілетті өкіл ретінде Қор қызметінің жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді (бұдан әрі – ЖТІТ).

ЖТІТ өткізу барысында комплаенс-бақылаушы сондай-ақ «СТ РК ISO 37001-2025 паракорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі. Пайдалану бойынша талаптар және нұсқаулық» стандартын мүдделер қақтығысын басқару бойынша ұсынымдарға қатысты бөлігінде пайдаланды.

Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 19-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері Қорда жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізуге негіздеме болуы мүмкін.

Қордың Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 29 шешімімен 2025 жылдың 01 қаңтарынан 2025 жылдың 31 қазанына дейінгі кезең үшін Қордың жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг қорытындысы бойынша есептеме бекітілді. Соған сәйкес Қордың Директорлар кеңесі Қордың комплаенс-бақылаушысының 2025 жыл үшін **Қорда мүдделер қақтығысын реттеу бағыты** бойынша ЖТІТ өткізу туралы ұсынымына қолдау көрсетті.

ЖТІТ мақсаты: Қор қызметінде мүдделер қақтығысына байланысты жемқорлық тәуекелдерді анықтау, бағалау және азайту.

¹ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары

² Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген, жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

³ Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 08 сәуірдегі № 12 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

ЖТІТ міндеттері: Қордың мүдделер қақтығысына бейім процестері мен функцияларын анықтау; оларды азайту бойынша шаралар әзірлеу.

Талдау объектісі: Қор.

ЖТІТ қамтитын кезең: 2025 жылдың 01 қаңтарынан 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

ЖТІТ өткізу мерзімі: 2025 жылдың 30 желтоқсанынан 2026 жылдың 30 қаңтарына дейін.

ЖТІТ өткізу келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) талдау объектісі туралы ақпараттар жинау және оларды талдау;
- 2) талдамалық анықтамаларды дайындау;
- 3) тізімін қалыптастыра отырып, жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдарды анықтау;
- 4) Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 25-тармағына сәйкес бекітілген шаралар жоспарына сәйкес жемқорлық тәуекелдерді жою бойынша шаралар қабыдау.

ЖТІТ өткізуге арналған ақпарат көздері:

ЖТІТ өткізу аясында комплаенс-бақылаушы **мына дереккөздерді** зерделеп, талдады:

1) Қордың ішкі аудиторының 2025 жыл бойынша 7 аудиторлық есептемесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Ішкі аудит департаментінің Қорды тәуекелге бағдарланған кешенді аудиторлық тексеру бойынша аудиторлық есептемесі, «Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы» ММ 2025 жылғы 22 шілдедегі аудиторлық есептемесі;

2) Қордың тәуекел-менеджерінің 2025 жыл бойынша тәуекелдерге қатысты есептемесі;

3) 2025 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2025 жылдың 31 қазанына дейінгі кезең бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

4) 2024 жыл бойынша ЖТІТ нәтижелері;

5) Қордың қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар (осы талдамалық анықтаманың мәтіні бойынша көрсетілді);

6) талдау жасалатын объектіге қатысты жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары.

Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 11-тармағына сәйкес ЖТІТ **мына келесі бағыттар бойынша** жүзеге асырылады:

1. Талдау жүргізілетін объект қызметін қамтитын нормативтік құқықтық актілерден жемқорлық тәуекелдерді анықтау;

II. талдау жүргізілетін объектілердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

I бағыт: Қордың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі жемқорлық тәуекелдерді анықтау

Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес **мүдделер қақтығысын реттеу бағыты** бойынша жемқорлық тәуекелдердің индикаторлардың бірі:

1) мүдделер қақтығысын реттеу бойынша рәсімдерді реттеуші құжаттың (саясаттың) жоқтығы;

2) мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеу бойынша функция жүктелген тұлғаның жоқтығы;

3) мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеу бойынша шаралар қабылданбауы;

4) алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу бойынша талаптардың жоқ болуы.

Ішкі құжаттарды мүдделер қақтығыстарын реттеу бағыты бойынша талдау процесі барысында мыналар анықталды:

1) Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымды тұлғалар және Акционер деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қор мәміле жасау барысында Қордың меншікті мүліктерін заңсыз пайдалануды және теріс пайдалануды қадағалап, оларды мүмкіндігінше жою керектігі Қордың Жарғысында белгіленген⁴. Бұл ретте Қордың корпоративтік хатшысы Қордың Директорлар кеңесіне, Қордың Директорлар кеңесінің комитетіне мүше лауазымына және Қордың Төрағасы лауазымына үміткер тұлғаларға олардың Қормен арада ықтимал мүдделер қақтығысы болу мүмкіндігіне қатысты талдау жүргізеді және Қордың Акционері, Қордың Директорлар кеңесі, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері деңгейінде мүдделер қақтығысының нышандары анықталған жағдайда, бұл туралы Қордың комплаенс-бақылаушысына хабарлайды;

2) Қор өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз ететіндігі Қордың Корпоративтік басқару кодексінде⁵ белгіленген. Бұл ретте ҚР ҰБ Қордың Акционері ретіндегі өкілеттігіне және мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттігіне шек қояды; Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлер таңдау барысында тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының бар-жоғы назарға алынады; Қордың Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын тәуелсіз

⁴«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы Акционерінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 247 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының жарғысы

⁵ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының жалғыз Акционерінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 274 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі

директорлар құрайды. Олар оның ішінде мүдделер қақтығысы орын алуы мүмкін талқылауларға қатысады;

3) Қорда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, Қордың мүдделер қақтығысын басқару саясаты⁶ жүзеге асырылады. Ол Қорда мүдделер қақтығысын басқару бойынша негізгі тәсілдерді айқындайды және Қордың барлық лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне қолданылады;

4) Қордың мүдделер қақтығысын басқару саясатына және Қордың комплаенс-бақылаушы туралы ережесіне⁷ сәйкес комплаенс-бақылаушы Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерінен мүдделер қақтығысын анықтау және мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді реттеу бойынша қызметті ұйымдастыру және үйлестіруді жүзеге асырады. Комплаенс-бақылаушының функцияларын Қордың басқа бөлімшелері мен қызметкерлерінің функцияларымен араластыруға жол берілмейді. Комплаенс-бақылаушы өзінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін жүзеге асыру барысында мүдделер қақтығысының туындауына жол бермейді. Сондай-ақ Қордың үлестес тұлғаларының тізімін өзекті күйінде ұстайды;

5) Қор Төрағасының орынбасарларын қосқанда, Қор қызметкерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарында лауазымдық (функционалдық) міндеттер белгіленген. Сәйкесінше лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру барысында жемқорлық тәуекелдер және (немесе) мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, бұл туралы тез арада комплаенс-бақылаушыға хабарлау қажет. Сондай-ақ Қор қызметі қатысатын бизнес-процестерде (кіші процестерде) мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы комплаенс-бақылаушыны дер кезінде хабардар етпегендік үшін жауапкершілік белгіленген;

6) Қордың алқалы органдардың қызметін және (немесе) Қор мүліктерінің пайдаланылуын, істен шығуын немесе есептен шығарылуын, Қордың қаражатын шығындауды, салымшыларға кепілді өтем төлеу үшін агент банкті (агент банктерді) таңдауды, сенімгер басқарушыларды және кастодиандарды және т.б. таңдауды регламенттейтін ішкі құжаттарында Қордың лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің Мүдделер қақтығысын басқару саясатының ережелерін басшылыққа алу керектігі туралы талаптар енгізілген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Қордың комплаенс-бақылаушысы Қордың мүдделер қақтығысын реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарында

⁶ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 18 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Мүдделер қақтығыстарын басқару саясаты

⁷ Қор Төрағасының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 25 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының комплаенс-бақылаушысы туралы ереже

жемқорлық тәуекелдердің туындауына себеп болатын нормалардың анықталмағандығын белгілді.

II бағыт: Қордың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жемқорлық тәуекелдерді анықтау

ЖТІТ барысында мүдделер қақтығысы туындауына әкеп соқтыруы мүмкін әлеуетті тәуекелдері бар келесі бизнес-процестер (кіші процестер) талданды:

- 1) Қор басшылығы арасында міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлу тәртібі;
- 2) Қор органдарының шешім қабылдауы;
- 3) қызметкерлер құрамын басқару, оның ішінде жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдарды айқындау;
- 4) сатып алуларды жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік қызметтерді көрсету;
- 6) рұқсат етілген функцияларды жүзеге асыру;
- 7) бақылау-ревизиялық функцияларды жүзеге асыру;
- 8) бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу;
- 9) жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу;
- 10) талдау объектісінің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де сұрақтар.

1) Қор басшылығы арасында міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлу тәртібі

ISO 37001:2025 халықаралық стандартының 5.3.3 тармағына сәйкес оларға жемқорлық тәуекелдер деңгейі төменнен гөрі, жоғары қызметкерлерге шешімдер қабылдау үшін жауапкершілік немесе өкілеттік берген жағдайларда ұйым шешімдер қабылдау процесі және соларды қабылдаушы тұлғалардың өкілеттік деңгейі сәйкес болуын, сондай-ақ нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы болмауын талап ететін шешімдер қабылдау процесін немесе басқару шаралары жиынтығын әзірлеп, оларға қолдау көрсетуі керек. Олардың лауазымдық функциялары аясында бұл процестердің жоспарланған мерзімділікте қайта қаралатындығына жоғары басшылық кепілдік беруі керек. Қордың Төрағасы мен оның орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу Қор Жарғысының 61-тармағының 28) тармақшасы негізінде жүзеге асырылады.

2025 жылы Қордың Төрағасы мен оның орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу 4 бұйрықпен қайта қаралды, олардың ішінде:

- 2025 жылғы 14 наурыздағы № 18 бұйрық;
- Қор Төрағасының орынбасары М.И. Иманғалиеваның декреттік демалысқа шығуына және оның міндеттерін қайта бөлуге байланысты 2025 жылғы 17 маусымдағы № 50 бұйрық;

- Қордың ұйымдық құрылымын өзгертуге байланысты 2025 жылғы 05 қыркүйектегі № 76 бұйрық;
- 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 80 бұйрық.

Қорда ЖТІТ өткізу күніне қарай Қор Төрағасы мен оның орынбасарлары арасында өкілеттіктерді келесідей бөлу жүзеге асырылды:

Бөлімше	Лауазымды тұлға
Заң бөлімі	Қордың Төрағасы - Утембаев А.Н.
Қаржы бөлімі	
Цифрландыру бөлімі	
Қордың Астана қ. өкілеттігі (проблемалық банктерді реттеуге байланысты сұрақтарды қоспағанда)	
Баспасөз хатшысы	
Ақпарат беру-түсіндіру қызметі бойынша бас маман	
Кадр және құжатпен қамтамасыз ету бөлімі (еңбек қатынастары мәселелері бойынша)	
Тәуекел менеджер	
Мониторинг және төлемдер басқармасы	Қор Төрағасының орынбасары - Кудайбергенов А.К.
Активтерді инвестициялау және есепке алу бөлімі	
Әкімшілік-шаруашылық секторы	
Ақпараттық қауіпсіздік секторы	
Әдіснама және талдау басқармасы	Қор Төрағасының орынбасары - Акбаева Б.М.
Проблемалық бақтермен жұмыс жасау жөніндегі басқарма	
Стратегия және халықаралық даму бөлімі	
Кадр және құжатпен қамтамасыз ету бөлімі (еңбек қатынастарына байланысты мәселелерді қоспағанда)	
Қордың Астана қаласындағы өкілеттігі (проблемалық банктерді реттеуге байланысты мәселелер бойынша)	

Сондай-ақ ЖТІТ жүргізу барысында Қор Төрағасының 2025 жылы 13 сенімхат жазып бергені белгілі болды.

Өкілеттіктерді бөлеуге қатысты жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша келесі дерек белгілі болды: Қор Төрағасы мен оның орынбасарларының бастамашылық ету, бір бизнес-процесті (кіші процесті) мақұлдау және бақылау функцияларын қосарлау дерегі анықталған жоқ; Өкілеттіктер қосарланған сенімхаттар берілген жоқ.

2) Қор органдарының шешімдер қабылдауы

Қор Жарғысының 28-тармағына сәйкес мына төмендегілер Қордың органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Акционер;
- 2) басқару органы – Қордың Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі);
- 3) атқарушы орган – атқарушы орган функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға – Қордың Төрағасы;
- 4) Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі (ішкі аудитор);
- 5) консультативтік-кеңесші орган – Консультативтік кеңес.

Сонымен қатар Қор Төрағасы жанында Инвестициялық комитет жұмыс істейді. Ол Қордың жалпы инвестициялық саясатын қалыптастырады және Қор Төрағасының назарына тиісті ұсынымдарды алға тартады.

Өкілеттіктер деңгейі (құзыреттер), қабылдаушы тұлғалардың шешімдер қабылдау процестері Қордың Жарғысында, Қор Төрағасы оранбасарларының лауазымдық нұсқаулықтарында және Қордың ішкі құжаттарында белгіленген. Оларды қайта қарау кезеңділігі – 1 жылдан 3 жылға дейінгі ауқымда.

2025 жылы өз құзыреті бойынша:

- Қордың Директорлар кеңесі 133 сұрақ бойынша шешімдер қабылдады;
- Қор Төрағасы 135 бұйрыққа қол қойды;
- Консультативтік кеңес 5 сұрақ бойынша шешімдер қабылдады;
- Инвестициялық комитет 6 сұрақ бойынша шешімдер қабылдады.

Қор органдарының шешімдері мен бұйрықтарына жасалған талдау мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін шешімдер мен іс-әрекеттердің қабылданбағандығын және жүзеге асырылмағандығын көрсетті.

3) Қызметкерлер құрамын басқару, оның ішінде жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдарды айқындау

Қорда беделдік және басқа да тәуекелдерді азайту мақсатында, сондай-ақ мүдделер қақтығысын анықтау, реттеу және болдырмау мақсатында Қордың Комплаенс-бағалау өткізу тәртібіне сәйкес Қор қызметкерлерін және бос лауазымды орынға үміткерлерді комплаенс-бағалау жүзеге асырылады⁸.

2025 жылы Қор қызметкерлерін (басқа лауазымдарға өтілеріне байланысты) және бос лауазымды орынға үміткерлерді комплаенс-бағалау жүзеге асырылады. Қорда Комплаенс-бағалау өткізу тәртібінің талаптарына

⁸ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасының 2025 жылғы 04 тамыздағы № 38 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Комплаенс бағалауды өткізу тәртібі

сәйкес, сондай-ақ ЖТТГ өткізу аясында 2024 жылы ЖТТГ қорытындысы⁹ бойынша анықталған, Жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдар тізіміне енетін 20 қызметкерге қатысты арнайы комплаенс-бағалау өткізілді.

Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін талдау нәтижелеріне сүйенсек, Қорда өзінің жұбайына (зайыбына) немесе жекжаттарына не жақын туған-туыстарына тікелей бағыныштылық не болмаса бақылауына алынушылық деректерінің анықталмады.

Бұл ретте ЖТТГ өткізу аясында 2024 жылы ЖТТГ қорытындысы бойынша анықталған, Жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдар тізіміне енетін қызметкерлерге қатысты комплаенс-бақылау жүргізу барысында Қордың 8 қызметкерінің дара кәсіпкер ретінде қызмет атқаратындығы анықталды/расталды.

Жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 17-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес осы Талдамалық анықтаманың *1-қосымшасына* сәйкес 2025 жыл үшін жүргізілген жемқорлық тәуекелдердің ішкі талдауының қорытындысы бойынша анықталған, Жемқорлық тәуекелдерге бейім лауазымдардың тізбесі белгіленді.

4) Сатып алуларды жүзеге асыру

Қорда жұмыстарды, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді ӘШС №192¹⁰ қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

Қордың комплаенс-бақылаушысы жұмыстар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер туралы шарт жасалғанға дейін, сол жұмыстарды тауарларды және көрсетілетін қызметтерді ұсынатын әлеуетті жабдықтаушыларды олардың Қор қызметкерлері мен арада мүдделер қақтығысының бар-жоғына қатысты тексереді.

2025 жылы Қор 145 сатып алуларды жүзеге асырды. Ал комплаенс-бақылаушы 246 әлеуетті жабдықтаушыларды тексерді. Бұл ретте мүдделер қақтығысының нышаны бар сатып алулардың өткізілгенді анықталған жоқ.

5) Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Қор мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді.

6) рұқсат беретін қызметтерді жүзеге асыру

Қор рұқсат беретін қызметтерді жүзеге асырмайды.

7) Бақылау-тексеру қызметтерін жүзеге асыру

Қор бақылау-тексеру қызметтерін жүзеге асырмайды.

⁹ <https://kdif.kz/files/%D0%92%D0%90%D0%9A%D0%A0%202024%20%D0%B3.pdf>

¹⁰ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары

8) Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және үлестіру:

Қордың комплаенс-бақылаушысы ЖПТ жүргізу барысында 2025 жылға арналған даму жоспарын қалыптастыру бизнес-үдерісіне талдау жүргізді. Даму жоспары алдағы қаржы жылына Қордың жарғылық қызметін орындауды қамтамас етуге қажетті тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге деген (бұдан әрі – ТЖҚ) қажеттілік негізінде қалыптастырылады.

Атап өту керек, Қордың дамыту жоспарын бекіту туралы шешім қабылдау барысында Директорлар кеңесі ҚР Ұлттық Банкінің тиісті қаржы жылына арналған дамыту жоспарын қарау нәтижелері туралы тұжырымын ескереді.

Әлеуетті тәуекелдерді жою мақсатында (тәуекелдің көрсеткіштері: тауардың бір данасы үшін бағаның негізсіздігі, жоспарланған бағаның тауардың нарықтық бағасына сәйкес келмеуі) комплаенс-бақылаушы Қордың бөлімшелерінің дамыту жоспарының жобасын жасау барысында Қордың қаржы бөліміне жолданатын, әртүрлі әлеуетті жабдықтаушылардан кемінде 3 (үш) бағалық ұсыныстар және ұсынылған ТЖҚ сатып алудың негізділігі сипатталған қызметтік жазбаларына ішінара талдау жүргізді.

Жүргізілген талдау барысында Қордың шығыстарын жоспарлау – оларды Қордың дамыту жоспарына енгізу мақсатында ішкі (Қордың қаржы бөлімшесі) және сыртқы бақылауды (ҚР ҰБ Қаржы департаменті) қолдана отырып жүзеге асырылатындығы анықталды.

Ұсыным:

Қордың даму жоспарына бір ТЖҚ бірлігі үшін негізсіз баға енгізілген кезде және жоспарланған баға ТЖҚ-ның нарықтық бағасына сәйкес келмеген жағдайда, Қордың даму жоспарын қалыптастыру барысында тәуекелдерді азайту мақсатында Қордың ішкі құжатына Қордың комплаенс-бақылаушысының бағалық ұсыныстар беретін әлеуетті жабдықтаушылардың үлестестігіне талдау жүргізуіне қатысты өзгеріс енгізілсін.

Сонымен қатар ЖПТ жүргізу барысында Ұлттық Банкпен немесе оның құрылымына кіретін ұйыммен жасалған шарттар бойынша ТЖҚ сатып алуға, Қор активтерін инвестициялауға, уақытша бос қаражатты ҚР ҰБ депозиттеріне орналастыруға қатысты бизнес-процестерге талдау жасалды.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша Ұлттық Банкпен немесе оның құрылымына кіретін ұйымдармен шарттар жасасу Қордың Жарғысында қарастырылған қызмет аясында келесі нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылды:

- ТЖҚ-ны ішкі кооперация бойынша сатып алу: №192 қағидалардың 1-тарауының 1-тармағы;
- активтерді инвестициялау және уақытша бос қаражаттарды ҚР ҰБ депозиттеріне орналастыру: ҚР ҰБ Басқармасының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 68 қаулысымен бекітілген, депозиттерге міндетті

кешілдік беруші ұйымның активтерін инвестициялау тәртібінің 4-тармағы.

Бұл ретте ҚР ҰБ Қордың Акционері ретіндегі өкілеттігіне және мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттігіне шек қоятындығы Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген. ҚР ҰБ қаржы жүйесінің дамуын ынталандыру және оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысуды ескере отырып, Қордың ұзақ мерзімді бағасын (құндылығын) арттыру мақсатында Қордың Акционері функциясын жүзеге асырады.

Корпоративтік басқару қағидағтарына сәйкес Акционер мен Қордың өзара қарым-қатынасы (өзара әрекеттестігі) Директорлар кеңесі және (немесе) Қордың Төрағасы арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Қор Төрағасының рөлдері мен функциялары нақты ажыратылған және Қордың Жарғысы мен тиісті ішкі құжаттарда бекітілген.

9) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Қорда сатып алулар бойынша шарттарды жасасу ТЖҚ сатып алу тәртібіне сәйкес реттеледі. Соған сәйкес ұйымдастырушының және Қордағы сатып алуларға қатысушылардың жауапкершілігі белгіленген.

Әлеуетті тәуекелдерді болдырмау мақсатында (тәуекелдердің көрсеткіштері: контрагентке қатысты айыппұлдық ықпалшаралардың болмауы немесе азайтылуы және шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда ықпалшаралардың қолданылмауы) комплаенс-бақылаушы 2025 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Қордың мүліктерін түгендеу нәтижелерін қарап шықты.

Қордың шарттарына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша контрагентке қатысты айыппұлдық ықпалшаралардың болмауы немесе азайтылуы және шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда ықпалшаралардың қолданылмауы анықталған жоқ.

10) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де сұрақтар

Қорда ЖТТ қамтитын кезеңде мына келесі тақырыптар бойынша оқытулар жүргізілді: Қорда комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша саясаттың негізгі ережелері, Қордың Корпоративтік әдеп кодексі, Жемқорлық тәуекелдердің индикаторлары, Қорда мүдделер қақтығысын басқару.

2025 жылы оқыту қорытындысы бойынша Қордың комплаенс-бақылаушысы Қорда комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін міндетті тестілеуден өткізді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданыстағы талаптары бойынша білімдерді тексеру талаптарын да қамтыды. 16 сұрақтан тұратын тестілеуге Қордың 68 қызметкері қатысты, тестілеудің орташа нәтижесі – 92%.

Қор қызметкерлерін жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту деректері жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік атқарымдарды орындауға уәкілетті болған тұлғалардың және солармен теңестірілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындамау деректері болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Қордың комплаенс-бақылаушысы Қордың ұйымдастырушылық-басқару қызметінде жемқорлық тәуекелдердің деңгейі мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша төмен ретінде сипатталатындығын анықтады.

2024 жыл үшін ЖТІТ нәтижелері бойынша 2024 жылғы 03 ақпандағы Шаралар жоспары бойынша ұсынымдардың орындалуын талдау

2024 жыл бойынша жүргізілген ЖТІТ қорытындысы бойынша комплаенс-бақылаушы мүдделі бөлімшелермен бірлесе отырып, ЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған, жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою бойынша шаралар жоспарын әзірледі және оны Қор Төрағасы 2024 жылы 03 ақпанда бекіткен (бұдан әрі – Шаралар жоспары).

Шаралар жоспарына жүргізілген талдау көрсеткеніндей, 2 шараның 2-і, яғни 100% орындалды.

Шаралар жоспарын орындаудың барысы туралы ақпарат осы Талдамалы анықтаманың **2-Қосымшасында** келтірілген.

Қор қызметінің ашықтығын және жариялылығын қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ақпараттық саясатының¹¹, Ақпаратты беру және оны Қордың ресми интернет-ресурсында орналастыру тәртібінің¹² талаптарына сәйкес Қордың қызметі туралы ақпарат Қордың ресми интернет-ресурсында мына: <https://kdif.kz> мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

ЖТІТ өткізу сәтінде Қордың қызметі туралы оның ресми интернет-ресурсындағы ақпарат өзекті күйінде болды.

Қордың сатып алулар жоспары ҚРҰБ электрондық сатып алулар порталында орналастырылады. Оған Қордың ресми интернет-ресурсындағы сілтеме бойынша өтуге болады.

Қордың баспасөз хатшысы және Қордың ақпарат беру-түсіндіру қызметі бойынша маман тиісті шаралар қабылдау үшін Қорға, оның

¹¹ Қордың Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 4 шешімімен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ақпараттық саясаты

¹² Қор Төрағасының 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 65 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Ақпаратты беру және оны Қордың ресми интернет-ресурсында орналастыру тәртібі

лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты ықтимал жағымсыз жарияланымдарға тұрақты негізде мониторинг жүргізіп отырады.

1-Қосымша: Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған, жемқорлық тәуекелдерге шалдыққыш лауазымдар тізбесі

2-Қосымша: 2024 жыл үшін ЖТТ нәтижелері бойынша анықталған, жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою бойынша шаралар жоспарын орындау барысы туралы ақпарат

Төраға



А.Н. Утембаев

Орындаушы:

Комплаенс-бақылаушы А.С. Аубакирова



Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған, жемқорлық тәуекелдерге шалдыққыш лауазымдар тізбесі

Жемқорлық тәуекелдерге жүргізілген ішкі талдау объектісінің атауы:
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

Жемқорлық тәуекелге шалдыққыш лауазым	Жемқорлық тәуекелі бар лауазымдық өкілеттік	Жемқорлық тәуекелдер
Төраға Төрағаның орынбасарлары	Қор атынан Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, азаматтық-құқықтық мәмілелерді (шарттарды (келісім-шарттарды, келісімдерді) жасасу, хабарламаларға, төлем шоттарына және басқа да банктік, қаржы-шаруашылық құжаттарға қол қою	Қор мен Акционерінің экономикалық мүдделеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдау
Қаржы бөлімінің бастығы – Бас есепші	Дамыту жоспарларының әзірленуіне және олардың түзетілуіне бақылау жасау	Даму жоспарына негізсіз шығыстарды енгізу
Әкімшілік шаруашылық сектордың меңгерушісі, бас маманы	Сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығыс бөлігі бойынша дамыту жоспарын әзірлейді, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарының жобасын әзірлеу, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу	Сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір данасы үшін бағаның негізсіздігі; сатып алулар жоспарының ҚРҰБ сатып алулар порталында уақтылы орналастырылмауы; сатып алынуына ӘШС жауап беретін, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу шартының талаптарын тиісті орындамаған жабдықтаушыларға қатысты ден қою

		шараларының уақтылы және толық қабылдануы
Активтерді инвестициялау және есепке алу бөлімінің бастығы, бас сарапшысы, бас маманы	Қордың қаржылық қаражаттарының сақталуын және өтімділігін қамтамасыз ету үшін оларды сенімгер басқарушылар арқылы оңтайлы орналастыру	Басқарушылық шешімдерді қабылдауға әсер етуі мүмкін, Қордың Инвестициялық саясатымен белгіленген, Қордың активтерін инвестициялау талаптары мен тәртібін бұзу деректері туралы ақпаратты сенімгер басқарушылар Қордың лауазымдық тұлғаларына дер кезінде хабарламауы немесе жасыруы
Кадр және құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, қызметкерлермен жұмыс жасау бойынша бас маманы	Жұмысқа қабылдау, ауыстыру, жұмыстан шығару, оқыту рәсімдерін, қаржылық көмек көрсету туралы бұйрықтарды рәсімдеуді, толық материалдық жауапкершілік туралы шарттарды жасауды жүзеге асыру	Конкурстық талаптарды «ыңғайластыру» және конкурстық сұрақтарды белгілі бір ізденушілерге беру мүмкіндігі. «Жайлы» немесе «жайсыз» жағдайлар жасау мүмкіндігі, қызмет бойынша тиісті игіліктерді (материалдық ынталандырулар, еңбек демалысы және басқалар) таңдап, талғап беру, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану
Цифрландыру басқармасының бастығы, цифрландыру жобаларының үйлестірушісі	Компьютерлік жабдықтардың, кеңсе техникаларының және Қордың бағдарламалық жасақтамаларының келіп түсуі есебінің жүргізілуіне (алу, үлестіру, түгендеу және есептен шығару), Қор қызметкерлеріне ақпараттық жүйелерді пайдалануға қолжетімділік берілуіне бақылау жүргізу	Компьютерлік жабдықтарды, кеңсе техникаларын және Қордың бағдарламалық жасақтамаларын негізсіз сатып алу немесе негізсіз есептен шығару
Ақпараттық қауіпсіздік секторының меңгерушісі, бас маманы, жетекші маманы	Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Жеке мақсатқа пайдалану үшін Қордың қорғалған ақпаратына рұқсатсыз қолжетімділік беру, компьютерлік жабдықты, кеңсе техникасын және бағдарламалық жасақтаманы негізсіз сатып алу немесе есептен шығару
Ақпарат беру-түсіндіру қызметі бойынша баспасөз қызметкері, бас маман	БАҚ-қа және әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу, ықтимал беделдік тәуекелдерді бағалайды, Қордың басшылығының	Қордың лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы

	келісiмiн алып, ресми жокка шығару ақпаратын және жауаптар дайындайды.	стандарттарды ықтимал бұзу деректері туралы уақтылы хабарламау немесе ашық дерекөздердегі ақпаратты жасыру
Проблемалық банктермен жұмыс жасау жөнiндегi басқарма бастығы, бастықтың орынбасары	Тарату комиссиясының құрамыны, оның iшiнде (уәкiлеттi органның бұйрығымен тағайындалған жағдайда) тарату комиссиясының төрағасы лауазымында немесе мүшесi болып қатысу, Қор Төрағасы қол қойған сенiмхат негiзiнде мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (шетелдiк банктің елiмiздегi филиалының) кредиторлар комитетiнде Қордың мүдделерiн бiлдiру.	Қордың экономикалық мүдделерiне қайшы келетiн шешiмдер қабылдау